**Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін реформалау жөніндегі ведомствоаралық комиссия құру туралы**

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 7 маусымдағы N 630 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.05.06. N 434 қаулысымен

Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстарды әзірлеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Мынадай құрамда Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін реформалау жөніндегі ведомствоаралық комиссия (бұдан әрі - Комиссия) құрылсын:

| | |
|---|---|
| Ахметов Даниал Кенжетайұлы | - Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі, төраға |
| Дунаев Арман Ғалиасқарұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы министрі, төрағаның орынбасары |
| Жәмішев Болат Бидахметұлы | - Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігінің төрағасы, төрағаның орынбасары (келісім бойынша) |
| Өзбеков Ғани Нұрмұхамедұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы вице-министрі, хатшы |
| Орынбаев Ербол Тұрмаханұлы | - Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігі басшысының орынбасары - экономикалық саясат басқармасының бастығы (келісім бойынша) |
| Келімбетов Қайрат Нематұлы | - Қазақстан Республикасының Экономика және бюджеттік жоспарлау министрі |
| Сәйденов Әнуар Ғалимоллаұлы | - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Төрағасы (келісім бойынша) |
| Асанов Жақып Қажманұлы | - Қазақстан Республикасының Әділет вице-министрі |
| Ысқақов Марлен Нұрахметұлы | - Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Салық комитетінің төрағасы |
| Марченко Григорий Александрович | - Қазақстан Республикасы Президентінің көмекшісі (келісім бойынша) |

Ескерту. Құрам өзгерді - ҚР Үкіметінің 2004.08.20. N 872 қаулысымен .

2. Комиссия 2004 жылғы 1 қыркүйекке дейін Қазақстан Республикасының қаржы жүйесін реформалау жөніндегі ұсыныстарды әзірлесін және Үкіметке енгізсін.

3. Комиссияға қажет болған кезде Комиссияның қызметіне қатысу үшін Қазақстан Республикасы мүдделі мемлекеттік органдарының мамандарын тарту құқығы берілсін.

4. Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Комиссияның жұмыс органы болып белгіленсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК